ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

07 сәуір 2025 жыл №2713-25-00-2/521 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Р. Бекенов
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің "М.Б.Ықсанов атындағы №36 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Ертөре" Хасан Ернар Берікұлы дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің "М.Б.Ықсанов атындағы №36 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "Ертөре" Хасан Ернар Берікұлы дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы – қанағаттандырылсын.

"Ертөре" Хасан Ернар Берікұлы дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Ертөре" Хасан Ернар Берікұлы дара кәсіпкерінен (ЖСН 890627351196) жергілікті бюджет пайдасына 3 780 (үш мың жеті жүз сексен)

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 08.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Бекенов Е. Р., 16.05.2025
2713-25-3-1/561

теңге тұрақсыздық айыбы және 2 080 (екі мың сексен) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Р. Бекенов**

Құжатқа қол қойылған: Бекенов Е. Р., 08.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.05.2025, судья Бекенов Е. Р., 16.05.2025

2713-25-3-1/561